

«М.Горький атындағы №16 орта мектеп-лицейдің» коммуналдық мемлекеттік
мекемесі

Хаттама

29.08.2024 жыл

№ 1

Мектептегі білім алушылармен тәрбиеленушілердің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жөніндегі комиссия отырысы

Жиналыс төрағасы: Д.Садуақасов

Хатшысы: Г.Смагулова

Қатысқандар: 7 (жеті)

**адам, Д.Садуақасов, Г.Смагулова, К.Стиева, Е.Алғашбай, Р.Сержан,
А.Мұқанов, А.Нарманова,**

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Мектептегі оқушылардың тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметін ұйымдастыру.

ТЫҢДАЛДЫ:

Д.Садуақасов – жиналыс төрайымы. Жаңа 2024-2025 оқу жылына сәттілік тілей отырып, жиналысты ашық деп жариялады. Күн тәртібіндегі мәселе бойынша. Комиссияның атқаратын қызметімен таныстырды.

1. Ас блогындағы, асханадағы жұмыстың ұйымдастырылуын;

- тамақ өнімдерінің сапасын, оларды тасымалдау, жеткізу, түсіру, сақтау шарттарын;

- өнімдерді өткізу мерзімдерін;

- тамақ дайындау сапасын;

- тамақтың балалардың негізгі тағамдық заттарға физиологиялық қажеттіліктеріне сәйкестігін;

- ас блогы қызметкерлерінің жеке гигиена ережелерін сақтауын бақылау болып табылады.

2. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындайды.

3. Комиссия төрағасы білім беру ұйымының басшысы болып табылады.

Бракераждық комиссияның құрамы медицина қызметкерін, әкімшілік мүшелерін, өндіріс меңгерушісін, ата-аналар комитеті мен қамқоршылық кеңесінің өкілдерін міндетті түрде қоса отырып, білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітіледі.

Бракераждық комиссия мүшелерінің саны кемінде 7 адамды, оның ішінде осы мектептің ата-аналар қауымдастығының ішінен кемінде 3 адамды құрауы тиіс. Комиссияның жекелеген мүшелерінің болмауы оның қызметіне кедергі болмайды.

Комиссия құрамын жыл сайын жаңарту ұсынылады.

1. Комиссия қызметінің циклограммасы:

Күн сайын медицина қызметкері немесе жауапты тұлға:

- тағамдардың және аспаздық өнімдердің сапасын органолептикалық бағалау журналына жазба енгізе отырып, дайын тағамдардың сапасына органолептикалық бағалау жүргізеді.

Комиссия күн сайын:

- пайдаланылатын тамақ өнімдерінің сапасына бақылауды жүзеге асырады (тамақ өнімдерінің сапасын растайтын құжаттардың көшірмелері жеке папкада сақталады);

- мәзірдің дұрыс жасалуын бақылауды жүзеге асырады;

- тамақтану сапасының мониторингі актісін ресімдей отырып, ас блогының қызметкерлеріне және (немесе) қызметті жеткізушіге алдын ала ескертусіз тамақтану сапасын тексеруді жүзеге асырады.

Токсан сайын комиссия жұмысының қорытындысы кейіннен олар білім беру ұйымының педагогикалық кеңесінде карала және орта білім беру ұйымының интернет-ресурсында орналастырыла отырып, ақпарат түрінде ресімделеді.

Әр жылдың мамыр, қаңтар айларында комиссия қызметінің қорытындысы жалпы ата-аналар жиналысында қаралады.

Бракераждық комиссия:

- негізгі өнімдерді салу кезінде мезгілімен қатысуы;

- тамақ өнімдерінің сапасын, олардың сапасын куәландыратын құжаттардың болуын бақылауды жүзеге асыруы (осы құжаттардың ксерокөшірмелері бракераждық комиссияның төрағасында сақталады);

- тамақтардың шығуын, дайындалған тамақтану көлемінің бір реттік порция көлеміне және балалар санына сәйкестігін тексеруі;

- дайын тамақты органолептикалық бағалауды (оның түсін, иісін, дәмін, консистенциясын, қаттылығын, шырынын және т. б. анықтау) «Дайын өнімнің бракераж журналына» органолептикалық бағалау нәтижелерін енгізе отырып жүргізу әдістемесіне сәйкес жүргізуі, бағалауды комиссия мүшелерінің жеке қолдарымен растауы;

- бракераж жүргізу кезінде «Технологиялық карталарға» сәйкес тағамдар мен аспаздық өнімдерді дайындау технологиясы мен сапасына қойылатын талаптарды басшылыққа алуы;

- өз функцияларын арнайы берілетін таза киімде (халатта, комбинезонда, бас киімде, аяқ киімде және т. б.) жүзеге асыруы қажет.

Осы жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында кімнің қандай ұсынысы бар.

Сөз сөйлегендер:

А.Нарманова – комиссия мүшесі. Қазіргі таңда халық арасында әр-түрлі індеттер көп, мектептегі тамақтану жүйесіне баса назар аударуымыз керек. Мемлекеттен қойылатын талаптарды басшылыққа алып, жүйелі жұмыс жоспарын құрып, бірігіп қызмет атқаруымыз, бұл болашақ дені сау ұрпақ үшін қызметіміз болмақ. Мемлекеттік талаптарды орындау баршамызға міндет.

К.Стеева – комиссия мүшесі; тамақтану сапасына мониторинг жүргізу қызметінің міндеттерін атқаруға келісемін.

Е.Алғашбай – Қамқоршылық кеңесінің төрағасы, комиссия мүшесі. Комиссия адалдық, құзыреттілік, парасаттылық, ашықтық қағидаттарына сәйкес өз құзыретіне жатқызылған функцияларды орындау міндетіміз деп білемін.

Д.Садуақасов – жиналыс төрайымы. Жиналысты қорытындылай келе комиссия мүшелері ұсынымдарды бір ауыздан қолдап.

Жиналыс төмендегідей шешім қабылдады:

1. Мектептің тамақтану сапасына мониторинг жүргізу және тамақтануға қойылатын міндеттерді орындау комиссия мүшелеріне міндеттелсін.

Жиналыс төрайымы:  Д.Садуақасов

Жиналыс хатшысы:  Г.Смагулова

ХАТТАМА № 3

М.Горький атындағы №16 мектеп-лицейдің 2024 жылдың 2 қыркүйек күні «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету мақсатында комиссия мүшелерінің отырысы болып өтті.

Қатысуға тиісті - 7
Қатысқаны - 7

Күн тәртібінде:

1. 2024 жылдың 2-қыркүйек айынан бастап «Жалпыға бірдей міндетті оқу қоры» есебінен бір мезгіл ыстық тамақпен әлеуметтік топтағы оқушыларды қамтамасыз ету

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша мектеп басшысы Д.Садуақасов хабарлама жасады. Әлеуметтік топтағы оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету және мемлекеттік стандартқа сәйкес егов сайты арқылы өтініш берген ата-аналардың балаларын ыстық тамақпен қамту.

Шығып сөйлегендер:

Е.Алғашбай – қамқоршылық кеңестің төрағасы
- Санитарлық талапты қатаң сақтай отырып, әлеуметтік топтағы оқушыларды бір мезгіл ыстық тамақпен қамтамасыз ету керек. Әлеуметтік топтағы оқушылардың барлығы түгел ыстық тамақ ішуіне қарсы емеспін.

К.Стеева – мектептің ата-аналар комитетінің мүшесі, комиссия мүшесі.
- Менің балаларым мен немерелерім осы мектептен білім алды. Қазіргі кезде балаларым мұғалімдердің берген білімдерінің арқасында халыққа қызмет етуде. Менде мектептегі әлеуметтік топтағы оқушылардың ата-аналарының өтінішіне сәйкес ыстық тамақпен қамтамасыз етуге қарсы емеспін.


А.Нарманова – директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі.
- Мен барлық айтылған ұсыныстарға толық қосыламын. Қазіргі уақытта 59 оқушының ата-анасынан егов сайты арқылы өтініш түсіп отыр. Оқушылардың құжаттары электронды түрде егов сайтына ата-аналары арқылы қабылданған. Өтініш түскен күннен бастап 3 жұмыс күн ішінде оқушыларға бұйрық шығарылып, бір мезгіл ыстық тамақпен қамтылу керектігін айтып өтті.

Қалған комиссия мүшелері бірауыздан қолдады.

Жоғарыда айтылған ұсыныс – пікірлерін ескере келе, комиссия мүшелері

Қаулы етеді:

1. №16 мектеп-лицей жанынан құрылған арнайы комиссияның шешімімен 02.09.2024 жылдан бастап әлеуметтік топтағы 5-9 сыныптан 59 оқушыға бір мезгіл ыстық тамақ берілсін.
2. 02.09.2024 жылдан бастап оқушылардың күнделікті тамаққа уақытында баруын қадағалау, әлеуметтік педагог Г.Смагуловаға міндеттелсін.
3. Тамақтың дайындалу сапасы мен тазалығын, күнделікті ас мәзірімен бірге тексеру және қадағалау мектеп мейіркеші Р.Сержанға жүктелсін.
4. Осы жұмыстардың орындалуына бақылау жүргізу директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, комиссия мүшесі А.Нұраддинов, А.Нармановаларға міндеттелсін.

Жиналыстың төрағасы:  Д.Садуақасов
Хатшысы:  Г.Смагулова